

**Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың бала асырап алу жөніндегі мемлекеттік емес агенттіктермен Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелерінде өзара іс-қимылы бойынша нұсқаулықты бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 21 тамыздағы № 373 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 22 тамызда № 19279 болып тіркелді.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 47) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1111 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 123) тармақшасына және Елбасының 2018 жылғы 28 қарашадағы VIII Азаматтық форумында берген тапсырмасының 8) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың бала асырап алу жөніндегі мемлекеттік емес агенттіктермен Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелерінде өзара іс-қимылы бойынша нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электронды түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3)

тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Б.А. Асыловаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрі*

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрі  
міндетін атқарушының  
2019 жылғы 21 тамыздағы  
№ 373 бұйрығымен  
бекітілген

**Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың бала асырап алу жөніндегі мемлекеттік емес агенттіктермен Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелерінде өзара іс-қимылы бойынша нұсқаулық**

## **1-тарау. Жалпы ережелер.**

1. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың бала асырап алу жөніндегі мемлекеттік емес агенттіктермен Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелерінде өзара іс-қимылы бойынша нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алу жөнінде мемлекеттік емес агенттіктерге көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясына және өзге де заңнамалық актілерге сәйкес әзірленді.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) бала асырап алу жөніндегі мемлекеттік емес агенттіктер (бұдан әрі – Агенттіктер) – азаматтар және (немесе) заңды тұлғалар ерікті мүліктік жарналар негізінде құрған, әлеуметтік мақсаттарды көздейтін, мүшелігі жоқ коммерциялық емес ұйымдар;

2) баланың заңды өкілдері – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес балаға қамқорлық жасауды, білім, тәрбие беруді, оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын ата-аналар (ата-ана), бала асырап алушылар, қорғаншы немесе қамқоршы, баланы қабылдайтын ата-ана (баланы қабылдайтын ата-аналар), патронат тәрбиеші және оларды алмастырушы басқа да адамдар;

3) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдар (бұдан әрі – ұйымдар) – жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тұратын орын бере отырып, тәрбиелеу, білім алу

үшін қолайлы жағдайлар жасалатын білім және ғылым, денсаулық сақтау, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің ұйымдары;

4) Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың республикалық деректер банкі (бұдан әрі – Республикалық деректер банкі) – жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы, сондай-ақ жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдар туралы мәліметтерді қамтитын дерекқор.

3. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың бала асырап алу жөніндегі мемлекеттік емес агенттіктермен Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелерінде өзара іс-қимылы мемлекеттік емес агенттіктер мен жергілікті атқарушы органдар арасындағы келісімге қол қою жолымен жүзеге асырылады.

## **2-тарау. Бала асырап алу жөніндегі мемлекеттік емес агенттіктердің жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдармен және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимылы**

4. Агенттіктердің ұйымдармен және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимылы кезінде мынадай іс-шаралар іске асырылады:

1) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың келісімі болған жағдайда Агенттік әзірлеген Агенттік базасында бағдарлама бойынша оларды өтеусіз негізде психологиялық және құқықтық даярлықпен қамтамасыз ету;

2) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына тәрбиелеуге және өз отбасына ұйымдардың тәрбиеленушілерін қабылдауға тілек білдірген адамдардың келісімі болған кезде оларға өтеусіз негізде құқықтық және психологиялық көмек көрсету мақсатында оларды сүйемелдеумен қамтамасыз ету;

3) тәрбиеленушілердің заңды өкілдерінің келісімі болған жағдайда жақын туыстарын анықтау және жақын туыстарының отбасыларына қайтару, ал мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда асыраушы отбасына орналастыру жөнінде шаралар қабылдау үшін "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" ҚР Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 1-бабының 5), 6) және 17) тармақшаларына сәйкестігі тұрғысынан тәрбиеленушілердің әлеуметтік мәртебесіне талдау жүргізу;

4) тәрбиеленушілердің құқықтық мәртебесін Кодекстің 1-бабының 5), 6) және 17) тармақшаларына сәйкестігін зерделеуге жәрдем көрсету;

5) тәрбиеленушілердің асырап алушы отбасыларындағы өмірге психологиялық дайындығын жүзеге асыру.

5. Ұйымдар агенттіктер жазбаша сұрау салған кезде заң актілерінде көзделген тәртіппен белгіленген мерзімнен кешіктірмей тәрбиеленушілер туралы ақпарат береді.

6. Тәрбиеленушілер туралы ақпарат мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

1) баланың сауалнамалық деректері (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, жынысы, ұлты, баланың мәртебесі);

2) баланың жалпы денсаулық жағдайы;

3) отбасылық орналастырудың ықтимал нысандары;

4) аға-інілері/апа-сіңлілері, ата-аналары және жақын туыстары туралы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, балаға кім болып келеді, тұратын жерінің мекенжайы, байланыс телефондары (бар болса));

5) тәрбиеленушінің ұйымда болу себебі туралы (баланы ұйымға орналастыру үшін негіз болып табылатын сот шешімі және басқа да құжаттар);

6) баланың мәртебесін анықтау кезінде атқарылған жұмыстар туралы (ата-аналар мен жақын туыстарын іздестіру, ата-аналардың бас бостандығынан айыру орындарында, ұзақ емделуде болуы, әрекетке қабілетсіз, қайтыс болды деп танылу және т.б. туралы ақпарат).

7. Ұйымдар агенттіктерге білім беру, денсаулық сақтау, Еңбек және әлеуметтік қорғау, әділет органдары мен ұйымдарында, құқық қорғау органдары мен мемлекеттік емес ұйымдарда тәрбиеленушілердің әлеуметтік мәртебесін растау мәселелеріне байланысты сауалдар беру және жауап алу үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының соттарында, сот талқылауының барлық сатыларында, оның ішінде апелляциялық және қадағалау сатыларында ұйымның мүдделерін білдіруге сенімхат береді.

8. Агенттіктер жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қабылдауға тілек білдірген адамдарға тәрбиеленушілер туралы мәліметтерді, олар республикалық деректер Банкіде тіркелген жағдайда ұсынады.

### **3-тарау. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың бала асырап алу жөніндегі мемлекеттік емес агенттіктермен өзара іс-қимыл шарттары**

9. Агенттіктер жергілікті атқарушы органдарға:

1) республикалық деректер банкінен алынған тәрбиеленушілер туралы мәліметтерді жарияламау туралы Агенттік қызметкерлерінің қол қойылған келісімдерім;

2) Агенттік мүдделерін білдіруге агенттіктер қызметкерлеріне сенімхатты;

3) жеке медициналық кітапшалардың көшірмелерін міндетті түрде ұсына отырып, пилоттық жобаға қатысушы агенттіктер қызметкерлерінің тізімін береді.

10. Агенттіктер пилоттық жобаны аяқтағаннан кейін жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен үш жұмыс күні ішінде жетім балалар мен ата-анасының

қамқорлығынсыз қалған балалардың республикалық деректер банкінен тәрбиеленушілер туралы алған ақпаратты жою туралы акт жасау жолымен жояды.

11. Ұйымдар еңбек заңнамасына сәйкес сенбі, жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін сенімхат болған кезде агенттік қызметкерлеріне қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

12. Қазақстан Республикасының барлық облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада өкілдіктері бар агенттіктер, асырап алушы ата-аналарды даярлау жөніндегі "асырап алушы ата-аналар мектебі" авторлық бағдарламалары, шоттағы тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің кем емес сексен мың еселенген мөлшерінде салымдар, еңбек ресурстары бар, оның ішінде отбасылық орналастыру жөніндегі мамандар, психологтар, заңгерлер, тренингтік сабақтар өткізу жөніндегі сертификатталған жаттықтырушылар құрамы, Қазақстан Республикасының барлық облыс орталықтарында, республикалық, тиісті қызметті жүзеге асыру саласында кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесі бар, сондай-ақ салық берешегі жоқ және тәуелсіз халықаралық аудиторлық тексеруден өткен жоғары білімі бар адамдар осы Нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілген іс-шаралардың орындалуын жүзеге асырады.